

**6D020100 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін Рахимжанова Саяна Қадырқызының
«Дәстүр – философиялық мәселе» тақырыбында дайындалған
диссертациясына
ШҚІР**

Кафедраның стратегиялық жоспарына сай ғылыми кеңестің нәтижесінде «Ұлы дала» бағдарламасына сәйкес жеті пән енгізілді. Соның бірі «Дәстүр философиясы».

Дәстүр философиясы пәнін өткізуде қиыншылық туындады. Дәстүр туралы жазылған еңбектер тәуелсіздікке дейінгі дүниелер. Тәуелсіздік дәстүрге жаңа мағына берді. Мемлекеттік рәміздер қалыптасты. Дәстүр дегеніміз халықтың жаны. Бір халықты, екінші халықтан оның дәстүрі арқылы ажыратамыз. Дәстүрдің өміршегдігі оның ұрпақ тәрбиесінде өз маңызын жоймауы, оның адам өз өмірінде игілікке айналды.

Дәстүр – адам баласының барша тіршілік болмысымен ұштасып жатқан құндылығы, кез келген аға буынның өзі жүріп жүріп өткен өмір жолындағы көрген-білгенін саралап, келер ұрпаққа қалдырған рухани тағлымы. Дәстүр дүниетанымдық құндылық болғандықтан оның философиялық мәні адамзат өмірінде айрықша. Дәстүрі жоқ халық жоқ, кеңес заманында дәстүрді социалистік қоғамға негіз деген. Кеңес жылдары қазақ халқына тән емес дәстүрлер қалыптасты.

Тәуелсіздік жаңаша ойлау, тәуелсіздік инновациялық ойлау сол себепті дәстүрді де жаңаша біліп, түсініп, тануымыз керек. Осындай қажеттілік нәтижесінде кафедраның аға оқытушысы Рахимжанова Саянаға «Дәстүр – философиялық мәселе» тақырыбын зерттеуге ұсындым. Бұл бұрын-соңды жазылмаған тақырып. Жаңаша ойлау жұмыстың негізі. Ізденуші ғалымға тән өз қабілетін көрсете білді. Зерттеуде барлық пікірмен келісу, әрине мүмкін емес, қажетіде жоқ. Тақырыпты ізденуші өзі меңгеріп, өзінің ғылыми жаңалығын және оның ұсынып қарай білуде.

Рахимжанова Саяна Қадырқызы ғылыми әдебиеттерді талқылап, мақалалар жариялап, өзінің зерттеуші екендігін айқын көрсетті.

Ізденушінің «Дәстүр – философиялық мәселе» атты еңбегін көпшілік алдында қорғауына әбден болады деп санаймын. Бұл отандық ғылымда құнды зерттеу болмақ. Диссертация жұмысының тақырыбы «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларында айтылған міндеттермен байланысты. Ізденуші зерттеу тақырыбының теориялық-әдістемелік негізін құрастыру үшін шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың ойларына талдау жасаған.

Диссертант талдау барысында ғылыми жаңалық мәртебесіне ие бірқатар нәтижелерге қол жеткізген. Бүгінгідей алмағайып заманда, Қазақстанның өркениетті елдер қатарында дамуын қамтамасыз етуде, тек оның ғылыми-техникалық, экономикалық, ақпараттық сияқты салаларын ілгері дамытумен ғана емес, сондай-ақ, рухани мәдениетті, дәстүрімізді зерделеп тану қажет. Диссертациялық жұмыста өзінің дәстүрлі құндылықтарын сақтап, оларды ұрпақтан ұрпаққа рухани мұра ретінде жеткізе білген халықтардың болашағы жарқын болатындығын пайымдаған. Докторант, ғылыми-зерттеу жұмысында өзіндік тұжырым жасау қабілетін көрсете білген. Ізденуші диссертациялық жұмыста ғылыми әдістерді дұрыс қолданған. Диссертация жан-жақты жазылған, ғылыми жаңалығы мен теориялық құндылығы да үндестік тапқан.

Докторант, ізденуші Рахимжанова Саяна Қадырқызының PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Дәстүр – философиялық мәселе» атты диссертациялық жұмысына оң баға беремін.

Ғылыми кеңесшісі

**ҚР ҰҒА академигі, филол. ғ.д,
профессор**

Рахимжанова Саяна

Ғарифолла Есім

